



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

что только при таком взаимодействии учитель в полной мере сможет оценить знания ученика, его развитие. Спандияр Кобеев был сторонником индивидуальной работы учителя с учеником. По этому поводу он замечает, что ученики усваивают знания по – разному, поэтому учитель обязан подобрать подход к каждому. На таком уроке ученик из пассивного слушателя превращается в активного участника процесса.

С.Кобеев считает, что прежде всего нужно научить ребенка учиться, общаться и помочь осознать себя. Это урок, на котором ученика не унижают за то, что он чего – то не знает, не понимает, не умеет, а поправляют и учат, что соответствует содержанию современного образования.

Перед педагогами сегодня стоит одна из важнейших проблем – как сделать так, чтобы обучение для ребёнка было не в тягость, а в радость. Как сделать так, чтобы ребёнок не стал пассивным и равнодушным слушателем, а стремился к знаниям, был активной, творческой личностью на протяжении всего обучения в школе?

Педагогические идеи И.Алтынсарина учат учителей применять наиболее эффективные приемы обучения. системный подход в обучении. С.Кобеев, говоря об индивидуализации обучения, имел в виду именно работу массовой школы.

Спандияр Кобеев был уверен, что педагогический процесс должен формировать гражданина страны. В своей школе он создал систему воспитательной работы, направленную на формирование казахстанского патриотизма. Буквально каждый ученик был мотивирован на то, чтобы принести пользу обществу. Кроме того, Кобеев большое внимание уделял получению специальности. Выпускники школы овладевали профессиями водителя, тракториста, повара, бухгалтера. В нашей частной школе учащимся, начиная с 1 класса, дают знания о бизнесе, учат составлять бизнес – проекты, чтобы они обладали знаниями и навыками 21 века, способны достойно отвечать на вызовы современного общества.

Подобно своему учителю, Кобеев сочетал педагогическую деятельность с литературным трудом. Спандияр Кобеев начинал с переводов басен Ивана Крылова. Эти переводы вместе с переводами других поэтов и оригинальным стихотворением «Родина» составили первую книгу писателя, вышедшую в 1910 году в Казани. Через два года Кобеев издает хрестоматию для чтения в казахских школах «Примерный мальчик», подражая хрестоматии К.Ушинского «Родное слово». В книгу вошли переводы детских рассказов Л.Н.Толстого, К.Д.Ушинского, басен И.А.Крылова, образцы казахского фольклора, рассказы о природных явлениях и животном мире и ряд собственных произведений.

Жизнь И.Алтынсарина и С.Кобеева были подчинены благородной и гуманной цели – просвещению народа.

Список литературы:

1. Ситдыков А.С. «Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина». А–Ата 1949 г.
2. Алтынсарин И.Собрание сочинений 3–х томах: Т2 Алма – Ата, 1975
3. Алтынсарин И.Киргизская хрестоматия (Текст) И.Алтынсарин 2 изд. А.,1906 – 235 с.
4. Кубеев Спандияр «Казахская Национальная энциклопедия», Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. –

С.11

ӘОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КӨБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

*Байкадамова Ботакоз Берсткановна
жаратылыстану ғылымдарының магистрі
математика пәні мұғалімі
С.Мәуленов атындағы гимназия
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: botakoz.baikadamova@yandex.ru*

Аңдатпа

Мақалада Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің білім беру бағытындағы педагогикалық идеяларының үндестігі, қазіргі таңдағы маңыздылығы мен жаңартылған білім беру мазмұнымен сабақтастығы кеңінен қарастырылған. Қазіргі білім беру жүйесінде ұлы ағартушылардың методикасын негізге ала отырып, жаңашыл, бәсекеге қабілетті, жан – жақты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында құндылықтар негізге алынды.

Түйін сөз: білім беру, үндестік, педагогикалық идея, құндылық, жаңартылған білім беру мазмұны

Аннотация

В статье широко рассматривается гармония педагогических идей И.Алтынсарина и С.Кобеева в направлении образования, их значимость в настоящее время и их преемственность с обновленным содержанием образования. В современной системе образования нам необходимо воспитать конкурентоспособное, разностороннее поколение на основе методики великих педагогов. Для этого за основу были взяты ценности

Ключевые слова: образование, гармония, педагогическая идея, ценность, обновленная система образования

Abstract

The article widely examines the harmony of pedagogical ideas of I.Altynsarin and S.Kobeev in the direction of education, their significance at the present time and their continuity with the updated content of education. In the modern education system, we need to educate a competitive, versatile generation based on the methodology of great educators. For this, the values were taken as a basis.

Key words: education, harmony, pedagogical idea, value, updated education system.

Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері.

Спандияр Көбеев – қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі.

Екі қоғам қайраткері де қазақтың білім беру саласына өзгеріс енгізіп, жаңашылдық енгізген. Ағартушылық – педагогикалық идеялары білім беру бағытында жаңа леп болды. Ыбырай Алтынсарин 1864 жылы 8 қаңтарда мектеп ашады. 14 баланы қабылдайды. Мектеп жанынан интернат ашады. Ол дүниежүзі педагог классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа ала отырып, оларды қазақ даласында оқу – ағарту практикасына енгізген тұңғыш қазақ ағартушы. Спандияр Көбеев – өз ғұмырын педагогикаға, балаларға білім мен тәрбие беруге сарп еткен тұлға. Е.Арыққараның мақаласына сүйенсек, Ыбырай, бала жанының бағбаны ұлы ұстаз, жеткіншектерді ең әуелі имандылыққа шақырады. Иmandылықпен бірге білім алуға, өнер үйренуге шақырады. Балалардың жүрегінде адалдық, еңбекқорлық сезімін ояту Ыбырай шығармаларынан көрініс табады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының бастамасы оқу құралдарын жазудан бастау алады. Ғалым Ж.О.Жылбаевтың «Ұлы ұстаз тағылымы» атты еңбегіне сүйенер болсақ, Ы.Алтынсариннің 1879 жылы Орынбор қаласында жарық көрген кириллица әріптерімен жазылған «Қазақ хрестоматиясы» – зайырлы білім беру мектебінің алғашқы оқулығы. Сол жылы Орынборда шыққан «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» – зайырлы білім беру мектебінің мұғалімдеріне арналған тұңғыш оқу құралы болды. Бұл кітаптардағы өскелең ұрпақты өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекке, имандылыққа тәрбиелейтін үлгі – өнегеге, ғибратқа толы шығармалары ешқашан да өзінің маңызын жоймайды. [1, б. 8–9]

Қазіргі цифрландыру заманы болса, ағартушы өз заманында техниканы меңгеру, білімге бет бұру туралы педагогикалық идеяларында кеңінен қамтыған. Алтынсарин қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер – білім, техниканы игеруге шақырады. Мысалы:

Оқысаңыз балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан,

Тілемей – ақ табылар [2, б. 43].

Автор оқу – білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән береді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық керек.

Басты педагогикалық идея – білімді саналықпен игеру.

С.Көбеев пен Ы.Алтынсарин педагогикалық идеяларының ең басты үндестігі – мектеп жүйесін құру. Қазіргі таңда мектеп жүйесі бар дегенімізбен, оның ішінде бірнеше құрылымдық өзгерістер жыл сайын енгізіледі. Жаңартылған мектептердің жабдықталуы, жаңа технологияларды қолдану, білім алушылар үшін толыққанды білім алып, өзінің идеяларын жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер туып тұр.

Ыбырай Алтынсарин қазақ мектебіне орыс оқу әдебиетіндегі тиімді өзгерісті енгізді. Ол мұғалімдерге тарих, география, жаратылыстану және балаларды оқытуға қажетті басқа да пәндер бойынша оқулықтарды мұқият іріктеуді ұсынды. Мектептердегі сыныптан тыс оқуға арналған ұсыныс тізімдеріне тарих, география, физика, химия, жаратылыстану ғылымдары бойынша танымал ғылыми кітаптар кірді. [3, б. 59]. Бұл қазіргі таңдағы «Оқуға құштар мектеп» жобасымен үндесіп жатыр. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «100 кітап» жобалары аясында жұмыс жасалуда. Неліктен мұқият іріктеуді ұсынды? Себебі бала өзінің тарихын біліп, әлемді танып, қоршаған ортадағы құбылыстармен қарым – қатынаста болуы тиіс. «Оқуға құштар мектеп» жобасы да осы бағытты қолдайды. Жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты – өмірге бейімделген, мектеп теориясын практикамен ұштастыра білетін тұлға қалыптастыру.

Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде біз мұғалімдердің үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтуіне ерекше мән береміз. С.Көбеев пен Ы.Алтынсарин де білімді толықтыруға, өз білімдерін жетілдіріп, сол білімді өзгелерге үйретуге назар аударған. Ұстаз бола жүріп, ағартушы педагогикалық жаңалықтарды, ғылыми – көпшілік әдебиеттерді кеңінен қарастырды. Оның жеке кітапханасында Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский, А.И.Герцен сияқты орыс классиктерінің толық жинақтары мен шетелдік ғалымдардың аудармалары болды. [3, б. 60] Соның негізінде өз

біліктіліктерін арттырып отырды. Қазіргі таңда да білім беру саласы осы үдеріске мән береді, қадағалайды.

Келесі мәселе – оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. Педагогикалық идеялар шеңберінде құндылыққа бағытталған білім беру саласы кеңінен қарастырылады. Оқушы қазақ әдебиетін оқыса да, математиканы оқыса да, тәлім мәселесіне, оның бойында құндылықтарды қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлу керек. Жаңартылған білім беру мазмұнының бағыттарының бірі – құндылыққа негізделген білім беру жүйесі. Біз баланың бойында қандай құндылықтар қалыптастыра аламыз? С.Көбеев пен Ы.Алтынсарин шығармаларына сүйенер болсақ:

1. Оқу, білім алу құндылығы. Білімнің керек екендігін түсіну. Қыркүйек, қазан айларын «БІЛІМ» құндылығы деп жариялап, білімге, ақылға қатысты ұғымдарды әрбір пән барысында жете түсіндіріп, бір элементін қолдану керек. Мысалы, Ы.Алтынсарин жастарды оқу – білімге шақырғанда, бос сөзге жол бермейді. Балаға түсінікті, нақты деректерге негізделген, баланы сендірерліктей сөздермен жазады. Қазіргі таңда оқу үшін бағалау дегенді, өздігінен білім алу деген терминдер көп айтылады. Батыс ғалымдарының еңбектері деп айтқанымен, ағартушы Ы.Алтынсарин оқудың қажеттілігін шығармаларында нақты түсіндірген. Мысалы: *Ата – енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу.* [2, б. 10] Ал С.Көбеев «Балалар мен ғалым» шығармасында кітаптың маңыздылығына тоқталады. Ы.Алтынсариннің «Өнер – білім бар жұрттар» шығармасы – білімнің нәтижесінде көрген жемістеріміздің айқын дәлелі.

2. Еңбек құндылығы. Балалардың жүрегінде адалдық, еңбекқорлық сезімін ояту Ыбырай шығармаларынан көрініс табады. Еңбек сабақтары Ы.Алтынсарин педагогикасында кеңінен қарастырылады. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» деген әңгімесінде жануарлардың да еңбекпен айналысып, күн көретінін сөз етеді. «Оқысаңыз балалар, шамнан шырақ жағылар» деп ұран салды. С.Көбеев өзінің мысал өлеңдерінде еңбекке ерекше мән берді. Сабақ процесінде оқушылардың уәждерінің төмен болуы немесе жалқаулықтың басым болуы осы еңбек құндылығын жете түсінбегендігінен деп есептейміз. Әрбір пән мұғалімі қараша, желтоқсан айларында «ЕҢБЕК» құндылығын түсіндіруге бағытталған жұмыстарды атқарса, оқушылар оның қажеттілігін ұғынар еді. Әсіресе өзгелердің еңбегін бағалап үйренеді. Қарапайым математика сабағының өзінде белгілі математиктердің өміріне шолу жасағанда, олардың қандай еңбекпен осы нәтижеге қол жеткізгенін сөз ету білім алушыларды шабыттандырады.

3. Адамгершілік, адалдық құндылығы. Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің пікірінше, білім ең алдымен тәрбиемен қатар берілуі тиіс. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – дейді Әл – Фараби. «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Малды пайдаға жарату» атты әңгімелерінде қайырымдылық, бауырмалдылық, сабыр мен шыдамдылық балалар ұғымына жеңіл, қысқа түрде баяндалады. «Шеше мен бала», «Жан – жануарлардың дауласқаны», «Баланың айласы», «Надандық» әңгімелері диалог ретінде оқуға жеңіл түрде айтылады. Біз де балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге тиіспіз. Әрбір сабақта адамгершілік құндылық қаралуы тиіс. Мысалы, математика сабақтарында топтық жұмыс бергенде, жұптық жұмыс барысында болсын, балалар адамгершілік қасиеттерді басшылыққа алуы тиіс. Мысалы, бір – бірін бағалау барысында объективті көзқараспен адал бағалау. Бұл құндылықты қыркүйек, қазан айларында қарастыруға болады.

4. Құрмет құндылығы. Ыбырай Алтынсарин өзінің «Әдеп» шығармасында сыйластыққа ерекше тоқталады. Өзіне құрмет көрсеткен қызметкеріне әкім де бас иіп сәлем береді. Бұны мектептегі оқушының мұғаліммен, достарымен, үлкендермен қарым – қатынасына, бір – біріне деген сыйластыққа теңеуге болады. Басты мақсат – оқушылардың бір – біріне деген құрметін, оқушылардың мұғалімдерге деген құрметін арттыру, сыйластық сезімін дамыту. Осы мақсатта «Құрмет», «Құпия дос», «Досыммен бір күн», «Қыз және ұл тәрбиесі» атты акциялар мен «Мен тілімді құрметтеймін», «Менің сүйікті ұстазым», «Менің адал досым» атты челленджерді ұйымдастыруға болады.

5. Сүйіспеншілік, махаббат құндылығы. Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» шығармасы мен С.Көбеевтің мысалдарын негізгі ала отырып, сүйіспеншілік, махаббат тақырыптарын кеңінен қарастыруға болады. Себебі махаббат деген, сүйіспеншілік деген тек екі адам арасындағы ыстық сезім ғана емес, тұлғаның табиғатқа қамқор болуы, еліне адал қызмет етуі, жүрегімен адамдарды сезініп, қамқорлық жасауы. Осының бәрін де оқушы мектеп төңірегінде меңгеруі тиіс. Қыркүйек, қазан айларында, желтоқсан айында осы құндылықтарды мерекелермен қатар қарастыруға болады. Әрбір сабақ барысында бір элементін қамтыған дұрыс. Мысалы, математика сабақтарында Қазақстаннан шыққан математик – ғалымдарды тілге тиек ету, жастардың арасынан, оқушылардың арасынан әлемдік математикаға үлес қосқандарды насихаттау, осының барлығы оқушының өз еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, математикаға деген қызығушылығын дамытады деп есептейміз. Экологиялық акциялардың маңыздылығын атап өткен жөн. Табиғатта деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі.

| Реті | Құндылықтар | Құндылық маңыздылығы | Форматы |
|------|-----------------------------------|---|---|
| 1 | Оқу, білім алу құндылығы | <i>Ата – енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу</i> | Қыркүйек, қазан айларын «БІЛІМ» құндылығы деп жариялап, білімге, ақылға қатысты ұғымдарды әрбір пән барысында жете түсіндіріп, бір элементін қолдану керек |
| 2 | Еңбек құндылығы | Балалардың жүрегінде адалдық, еңбекқорлық сезімін ояту | Қарапайым математика сабағының өзінде белгілі математиктердің өміріне шолу жасағанда, олардың қандай еңбекпен осы нәтижеге қол жеткізгенін сөз ету білім алушыларды шабыттандырады. |
| 3 | Адамгершілік, адалдық құндылығы | «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» | Математика сабақтарында топтық жұмыс бергенде, жұптық жұмыс барысында болсын, балалар адамгершілік қасиеттерді басшылыққа алуы тиіс. Мысалы, бір – бірін бағалау барысында объективті көзқараспен адал бағалау. |
| 4 | Құрмет құндылығы | Басты мақсат – оқушылардың бір – біріне деген құрметін, оқушылардың мұғалімдерге деген құрметін арттыру, сыйластық сезімін дамыту | «Құрмет», «Құпия дос», «Досыммен бір күн», «Қыз және ұл тәрбиесі» атты акциялар мен «Мен тілімді құрметтеймін», «Менің сүйікті ұстазым», «Менің адал досым» атты челлендж |
| 5 | Сүйіспеншілік, махаббат құндылығы | Тұлғаның табиғатқа қамқор болуы, еліне адал қызмет етуі, жүрегімен адамдарды сезініп, қамқорлық жасауы. | Қазақстаннан шыққан математик – ғалымдарды тілге тиек ету, жастардың арасынан, оқушылардың арасынан әлемдік математикаға үлес қосқандарды насихаттау, |

1 – кесте. Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің педагогикалық идеялары негізінде құндылықтар кестесі

Әрине аталмыш құндылықтарды қалыптастыру үшін бір ғана сөз аз, ол үшін оқулықтар мен әдістемеліктер жас ұрпақты тәрбиелеуде қызмет атқаруы тиіс.

Яғни туындайтын мәселе – кітаптың сапасы мен кітапхана қоры. Ғалым Қ.Жұмағұловтың зерттеуіне сүйенсек, Ыбырай Алтынсариннің назарында мектеп және мұғалімдер кітапханаларының ағартушылық міндеттері тұрды. Оның ойынша, олар халық арасында шынайы мәдениет ошағына айналуы тиіс, сондықтан олардың қорларын барынша кеңінен пайдалану, кітапханаларды жалпыға қолжетімді мекемелерге айналдыру қажет. Алтынсариннің пікірінше, мектептердегі кітапханалардың мақсаты тек оқушылар мен мұғалімдердің кітапты пайдалануы ғана емес, сонымен қатар курсты бітірген сауатты адамдардың да далада пайдалы кітаптарды алуға және әрі қарай білім алуға мүмкіндік беретін орындары болуы. Ол өзі кітапханаларды кітаптармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етті. [3, б. 76] Мектеп кітапханалары үшін Бобровскийдің «Педагогика», «Халық әдебиетіне жүйелі шолу», Коменскийдің «Ұлы дидактикасы», Бунаковтың «Ана тілі», Корфтың «Біздің досымыз», Реклюдің «Жер және мұхит» сияқты кітаптары сатып алынды. [4, б. 79]

Ағартушы өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады.

Қазіргі жас буын жан – жақты, терең білімді, саяси – экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сенімім мол. Ыбырай ұстаздың да алға қойған мақсаты – қайткен күнде де қалың елі қазағын терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш – қайратын, ақыл – парасатын сарп еткен Ыбырай ұстазымыз да қалың бұқараның шынайы қамқоршысы, жанашыры, Ұстазы. Ұлы ұстаз – Ыбырай Алтынсарин идеяларын дамытып, қоғамда пайдаланатын болсақ, ол үлкен бір жетістік болып табылады.

Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен педагогикалық қызметіндегі басты нәрсе – оның өз халқын шын сүйуі. «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр». «Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» дегендей, ағартушы Ыбырай Алтынсарин де, С.Көбеев те елі үшін, елінің қамы үшін еңбек етті, қызмет етті. Олар бәсекеге қабілетті, елінің қамын ойлайтын, кез келген жағдайда өзін жан – жақтан көрсете алатын.

С.Көбеев пен Ы.Алтынсарин мұраларын, педагогикалық идеяларын қадір тұтып, онымен сусындау, оны қазіргі таңдағы жаңа білім беру мазмұнымен ұштастыру – біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жылбаев, Ж. О. Ұлы ұстаз тағылымы [Мәтін] : (Ы.Алтынсариннің 175 жылдық мерейтойына орай) Ж.О.Жылбаев // Білім = Образование. 2016 ж. № 3
2. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. Алматы, «Жалын» 1991 ж.

3. Жұмағұлов, Қ.Т. Ыбырай Алтынсарин және қазақ халқының мәдениетін дамыту. Алма – Ата. – 1984 ж. 204 б.

4. Ситдыков А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы: Мектеп, 1968 ж. 148 б

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КУБЕЕВТИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ САЛАҒАДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

*Бегалиева Н.Т., Шапшанова Г.Б.
Қызылорда облысы білім басқармасының
«М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Қызылорда қ аласы, Қазақстан
E-mail: nazqul78.12.08@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада Ы.Алтынсарин мен С.Кубеевтің оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің рөлін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді.

Түйінді сөздер: Ы.Алтынсарин, С.Кубеев, оқу – тәрбие, шығармалар, мектеп

Аннотация

В этой статье Ы.Алтынсарин и С.Кубеева в учебниках и методических работах они поднимает вопросы обучения и воспитания подрастающего поколения, стремится решить их актуальность, показывает роль и значение образования для казахского народа, его роль в возрождении общественного среда.

Ключевые слова: Ы.Алтынсарин, С.Кубеев, образование, произведения, школа

Abstract

In this article Y.Altynsarin and S.Kubeeva in textbooks and methodical works, they raise the issues of training and education of the younger generation, seek to solve their relevance, show the role and importance of education for the Kazakh people, its role in the revival of the social environment

Key words: Y. Altynsarin, S. Kubeev, education, works, school

Заманауи әдістерді тереңдете қолданып оқыту мен тәрбиелеудің жаңа сапасын қамтамасыз ету қазіргі заман талабынан туындап отырған мәселе. Жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу – тәрбие үрдісінде балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру білім сапасын арттыруға, ұлттық ерекшелік пен білім мазмұнын жетілтіріп нақты нәтижеге қол жеткізу, білім сапасы мен шығармашылық ізденіс деңгейін арттыру арқылы мұғалімнің кәсіби қызметін жаңарту, баланың құзіреттілігін қалыптастыру, оларға рухани – адамгершілік тәрбие беру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне сай ұлттық негізде көзқарастарын қалыптастыру бағытында жұмыстар заман талабына сай жүргізілуде.

«Білім – ержүрек батырдың тәжі мен даналықтың алтын алқасы» десек, қазіргі уақытта білім берудің өзіндік жоспарлары, ұлттық үлгісі қалыптасуда. Сауатты ұрпақты тәрбиелеу үшін ұстазға жүктелген жауапкершілік өте жоғары. Ұстаз – ұлы тұлға. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрады» дейді дана халқымыз. «Әрбір бала – болашақтың данышпаны» десек, бала бойындағы талантты ашатын – ұстаз. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. Педагогикалық шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі.

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң–мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббаттың арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш – жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған.

Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал еткен. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин.

Ол бүкіл ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен. Ыбырай Торғайда мектеп ашуға кірісіп, он тоғыз жыл ішінде он бір мектеп ашқан. Бұл оңай шаруа емес. Бір шеті мен екінші шетіне ұшса құс қанаты талатын Торғай облысының ауылдарын қысы – жазы аралап, жалынып – жалпайып жұрттан тиындап ақша жинау үшін шыдам керек. Оның үстіне қараңғы халықтың көбі үмітпен емес, күдікпен қарап, «балаларымызды шоқындырып жібереді» деуі, өзін «шоқынды» атауы